

ҚАЗАҚСТАН – ҚЫТАЙ ҚАРЫМ – ҚАТЫНАСТАРЫ

Нұрбосынов Б.И.

В научной статье рассматриваются дипломатические отношения между Республикой Казахстан и Китайской Народной Республики. КНР как одна из мировых держав имеет стратегическое значение для нашей страны.

In the given article the diplomatic relations between Republic of Kazakhstan People's Republic China at the beginning of third millennium are taken into consideration.

Қазақстан-Қытай қатынастары 1992 жылғы 3 қаңтарда дипломатиялық қатынастар орнағаннан бері оң сипатта және тегеуірінді түрде дамып келеді. Бірлескен Декларациялар (1993-1999 жж.) негізінде ҚР мен ҚХР арасындағы тату көршілік, достық және қызметтестік туралы Келісімшартқа ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2002 жылғы 23 желтоқсанда ҚХР-ға мемлекеттік іс-сапары барысында және ҚР мен ҚХР арасындағы Қызметтестік Бағдарламасына 2003 жылғы 2-4 маусымда ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республикасына мемлекеттік іс-сапары барысында қол қойылулар екіжақты қатынастардың 10 жыл бойы дамуының қорытындысы болды.

Аталған маңызды тарихи құжаттарға қол қойылу – Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастардың куәсі болып табылады.

Келісімшарттың Қазақстан үшін мәні шабуыл жасамау пактімен салыстырарлық деңгейде, мұнымен бірге шекара мәселесі шешілді, ШЫҰ ауқымында сенім шаралары жүзеге асырылды, екі елдің қызметтестігінің стратегиялық бағыттары бойынша принципті уағдаластықтар кешеніне қол жеткізілді.

2003 жылы 26-28 сәуірде ҚХР Сыртқы істер Министрі Ли Чжаосиннің ресми іс-сапары – оның ҚХР СІМ басшысы лауазымындағы тұңғыш шетелдік сапары болды. Оған дейін осы жылғы 12 наурызда ҚХР Сыртқы істер Вице-министрі Лю Гучан Қазақстанға іс-сапармен келген.

2002 жылы екіжақты қатынастың дамуына ҚР Мемлекеттік хатшысы-Сыртқы істер Министрі Қ.К.Тоқаевтың ҚХР-ға ресми іс-сапары (2002 ж. 9-11 мамыр) ықпалын тигізді. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жеке жолдауын табыс ету және ҚХР жетекшілерімен келіссөздер жүргізу ҚХР Төрағасының АӨСШК саммитіне (2002 ж. 4 маусым) қатысуына жәрдемдесті. Мемшекараны заңды жолмен рәсімдеуді аяқтаған, мемлекеттік шекара өтетін сызықты белгілеу туралы Хаттамаға қол қойылды. Қытай тарапынан тату көршілік, достық және қызметтестік туралы Келісімшартқа қол қою жайындағы, тауар айналымын сақтау және арттыру, атап айтқанда қазақстандық болатты Қытайға экспорттау, мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейту және тереңдету туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

ҚР Премьер-Министрінің Орынбасары К.К.Мәсімовтың жұмыс сапары (24-26 маусым) Келісімшарт бойынша қазақстандық бастаманы одан әрі ілгерілетуге, металлургия өнімдерін Қытайға экспорттау бойынша, көлік пен машина жасау, шекара жанындағы қызметтестік саласында қызметтестікті дамытуға серпін берді.

НПКСК ПК Төрағасының орынбасары Ван Вэньюан бастаған ҚХР делегациясының Бүкіләлемдік экономикалық форумның Давос клубы арайында Алматыда (8-9 сәуір) өткен Еуразиялық экономикалық саммитке қатысуы салмақты мән берді.

Екі елдің халықтары арасындағы достықтың нығаюына ҚХР Мемкеңесінің Мүшесі Исмаил Айметтің ҚР мен ҚХР арасында дипломатиялық қатынастар орнағанының 10-жылдығына арналған Қазақстандағы іс-шараларға қатысуы және оның Қазақстан басшыларымен кездесулері жәрдемдесті.

Қазақтардың Дүниежүзілік II құрылтайына (18-24 қазан) тұңғыш рет ҚХР ШҰАА (СУАР) Парткомы Хатшысының Орынбасары Асхат Керімбай бастаған Қытай делегациясы қатысты, бұл екі ел халықтарын байланыстыратын дәнекерлердің бірі ретіндегі қазақ диаспорасының ролі туралы уағдаластықты жүзеге асырудың нақты мысалы балып табылады.

Күмән жоқ, ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминьнің АӨСШК-нің бірінші саммитіне қатысуы тәуелсіз Қазақстан тарихындағы аса ірі сыртқы саяси оқиғаға ерекше мәнділік берді және оның табысты ілгерілеуіне жәрдемдесті.

Екі ел үшін 2001 ж. 15 маусымда «Шанхай бестігі» механизмі негізінде Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікті, тұрақтылықты және экономикалық дамуды қамтамасыз ету мақсатымен құрылған Қызметтестіктің Шанхай ұйымы ауқымында зор перспективалар бар.

Қорғаныс саласындағы қызметтестіктің 2002 жылғы басты оқиғасы – шекара ауданындағы қауіпті әскери қызметті тоқтату туралы үкіметаралық Келісімге қол қою болды. ҚР Қорғаныс өнеркәсібі Комитетінің желісі бойынша ҚҰАА (НОАК) мұқтаждықтары үшін Қазақстанның қорғаныс кәсіпорындарының өнімдерін сату жүзеге асырылып келеді.

Мемшекараны демаркациялауды аяқтау, шекара ауданындағы әскери күштерді қысқарту жөніндегі инспекциялық қызметтің алғашқы кезеңдерін жүзеге асыру, сондай-ақ қорғаныс министрлерінің бірқатар отырыстары мен оларда қол жеткізілген халықаралық терроризмге, діни экстремизмге және этникалық сепаратизмге қарсы бірлесіп күресу жөніндегі уағдаластықтар нәтижесінде қорғаныс саласындағы Қазақстан-Қытай байланыстары неғұрлым сенімді сипат алды, оларды одан әрі кеңейту және тереңдету тенденциясы нышан берді.

2003 жылы тамызда Қазақстан-Қытай шекарасы ауданында ШЫҰ-ның мүше-елдері қарулы күштерінің қатысуымен антитеррорлық жаттығулар өтті.

Траншекаралық өзендерді пайдалану және қорғау бойынша қызметтестік туралы Келісімді жүзеге асыру үшін Бірлескен Қазақстан-Қытай комиссиясы құрылды. Қазақстан мен Қытай арасында мәдени-гуманитарлық қызметтестік белсенді дамып келеді.

2002 жылы сәуірде ҚР мен ҚХР арасында дипломатиялық қатынастардың орнағанының 10-жылдығына арналған іс-шараларға сәйкес, ҚХР Мәдениет Министрінің Орынбасары Чан Кэжэн бастаған делегацияның қатысуымен, тұңғыш рет Қытай мәдениетінің Қазақстандағы Күндері өткізілді.

ҚХР ШҰАА АОАК мәдениет басқармасының делегациясы оның жетекшісі Мизан Қажықпарұлының басшылығымен Қазақстанға келді (қазан).

Қазақ ұлттық музыка академиясының орындаушылары қазанда Сямэнь қаласындағы Чайковский атындағы конкурсқа қатысты. Құрманғазы атындағы

консерваторияның солисі Б.Еңкебаева Пекиндегі 2-нші Халықаралық вокалшылар конкурсына қатысты. 16-22 қазанда Қазақстан Кәсіподақ федерациясының Төрағасы С.О.Мұқашев басқарған делегация ҚХР-ға келді, ҚХР басшылығымен кездесулер болды және қызметтестік жайындағы уағдаластықтарға қол жеткізілді.

7-14 мамырда Бүкілқытайлық Жастар федерациясының шақыруымен ҚР МАҚМ (МКИОС) Жастар саясаты департаментінің директоры Д.А.Қалетаев басқарған делегация қызметтестікті дамыту және қытайлық әріптестермен тәжірибе алмасу үшін Пекин қаласына және Далянь қаласына барды.

ҚР мен ҚХР арасындағы ғылыми-техникалық қызметтестік соған сәйкес Келісім (желтоқсан 1994 ж.) негізінде жүзеге асырылуда. Сауда-экономикалық қызметтестік жөніндегі комиссияның 5-інші отырысында аталды да, 2001 ж. 22 мамырда ғылыми-техникалық қызметтестік бойынша комиссия құрылды. 2002 ж. сәуірде Алматыда ҚР Білім беру және ғылым министрлігінің жәрдемімен қытай ғылымы мен техникасының жетістіктері көрмесі өткізілді. Оның ашылуына қатысу және қызметтестіктің перспективалары жайында келіссөздер жүргізу үшін Қазақстанға ҚХР Ғылым және техника Министрінің орынбасары У Чжунцзэ бастаған делегация келді.

ҚР БҒМ (МОН) Сейсмология институты мен ҚХР Мемлекеттік сейсмологиялық Бюросы арасында 2002 ж. 16 сәуірде ҚР Білім беру және ғылым министрлігінің Бірінші Вице-Министрі Г.М. Мутановтың ҚХР-ға іссапары барысында жер сілкінулерді зерттеу саласындағы Келісімді (қыркүйек 2001 ж.) жүзеге асыру Бағдарламасына және Қазақстанда 4 стансаны жабдықтау, қазақстандық мамандарды оқыту үшін 240 мың АҚШ доллары сомасындағы қытайлық грантқа қол қойылды.

Білім беру саласында Қызметтестік туралы Келісімге сәйкес өзара алмасу негізінде 20 студент пен стажер Қазақстан мен Қытайда оқытылуда. Қазақстандық тараптың мемлекеттік алмасу бойынша студенттер санын арттыру жөніндегі ұсыныстары қытайлық тараптан қолдау таппай отыр, ол осы мақсатқа бөлінетін мемлекеттік қаржы-қаражат лимитіне сілтеме жасайды. Сонымен бірге қытайлық тарап, жоғары оқу орындарының өз беттерінше жүргізетін қызметтерін ескере отырып, жоғары оқу орындарының қызметтестіктерін кеңейту және студенттер санын арттыру үшін, олардың арасындағы алмасудың белсендірек жүргізілуін ынталандыруды ұсынады.

ҚР Елшілігінің Қытай жағымен уағдаласуы бойынша, 2002 жылдан бастап ҚХР СІМ Дипломатия академиясында жыл сайын ҚР СІМ-нің 4 қызметкері қытай тілін білуін жетілдіру және мамандануын тереңдету үшін Қытай тарабы есебінен стажерлықтан өтетін болады.

Жыл сайын, «Ақтөбемұнайгаз» ААҚ қаржысы есебінен оқитын мамандарды және білім алуға өз беттерінше шығындалатындарды қосқанда, Қытайдағы Қазақстан студенттерінің жалпы саны 100 адам шамасына жетеді.

Екі елдің жоғары оқу орындары арасындағы байланыстарды дамыту мақсатында, ҚР Елшілігі 2002 және 2003 жж. ҚазМУ-ге, Түркістан қаласының университетіне, Қазақ аграрлық университетіне, Қазақ архитектура академиясына қытайлықтар жағымен делегациялар алмасуға жәрдемдесті.

ҚХР СІМ Дипломатиялық академиясы мен ҚР Еуразия ұлттық университетінің Дипломатиялық академиясы арасында байланыстар орнатылды.

ҚР мен ҚХР арасындағы парламентаралық байланыстардың дамуына Сенат депутаттары С.О. Есімханов, Ж. Кәрібайұлы және Мәжіліс депутаты Ю.И. Лавриенконың Пекин мен Чунцин қалаларындағы бейбітшілікті жақтайтын Азия Парламенттері Ассоциациясының 3-інші Бас Ассамблеясына (16-19 сәуір) қатысуы және олардың БХӨЖ (ВСНП) ТК Төрағасымен кездесуі жәрдемін тигізді. Қытай жағы сенатор Тұтқышев Б.С. бастаған делегацияның Пекин қаласындағы халықтың орналасуы жөніндегі Азия қоры Бас Ассамблеясының 7 отырысына қатысуын (16-22 қазан) қанағаттанғандықпен атап өтті.

Ал, 2009 жылғы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қытай Халық Республикасына жасаған Мемлекеттік сапары Қазақстан басшысын ҚХР Ұлттық олимпиадалық комитетінің жоғары наградасымен марапаттау салтанатымен басталған болатын.

Бұл награда Қазақстан Президентіне спорттың танымалдығы мен салауатты өмір салтына қосқан үлесі үшін берілді.

Сапар барысында Н.Ә.Назарбаев Қытай Ұлттық мұнайгаз корпорациясының кеңсесінде болып, Қытайдың іскер элитасы өкілдерімен кездесті.

Президент өзінің бұл сапарының әлемде жаһандық қаржылық-экономикалық дағдарыс белең алып отырған қиын уақытпен тұспа-тұс келуіне қарамастан бірқатар оңтайлы келіссөздер жасады. Президент ҚХР Халық өкілдері Бүкілқытайлық жиналысының Тұрақты комитетінің төрағасы У Бангомен келіссөз жүргізді. Келіссөздер барысында Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары, өңірлік және халықаралық проблемалар туралы ауқымды мәселелер талқыланды.

Сондай-ақ, Халық жиналысы үйінде мемлекет басшылары саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты ынтымақтастықтың ауқымды мәселелерін талқылады. Қазақстан мен Қытай лидерлері жоғары және өте жоғары деңгейлердегі Қазақстан-Қытай байланыстарының қарқынды жоспарына анағұрлым толы болған 2008 жылғы үдемелі өзара іс-қимылға жоғары баға берді. Тараптар жоғары және өте жоғары деңгейлердегі саяси диалогтарды одан әрі кеңейтуге, сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық, мәдени-гуманитарлық және өзге де салалардағы жан-жақты ынтымақтастықты тереңдетуге деген екіжақты ұмтылысты қолдады. Н.Ә. Назарбаев екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың даму қарқынына қанағаттанушылық сезімін білдірді.

Қаржылық дағдарысқа қарамастан, 2008 жылы екі елдің арасындағы тауар айналымы 18 млрд. доллар көлемінен артқан болатын. Бұл қарқын 2009 жылы да өз шегінен алыстамаса керек.

Экономистердің мәліметіне қарағанда, екі жақ арасындағы сауда-саттық көлемі былтыр 18 миллиард 800 миллион долларға жеткен. Ал, биыл бұл көрсеткіш 15 миллиард долларға жетуі мүмкін.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынасында трансаралық өзендерде су ресурстарын тиімді пайдалну және қорғау маңызды орынға ие. Бұл мәселенің

дұрыс реттелуі екі елдің орнықты әлеуметтік-экономикасының дамуына және үйлесімді болуына, екі тараптың да жалпы шекарасының бойында қоршаған ортаның қолайлы сақталуына ықпал етеді. Қазақстан Ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Қытай комитеті құрамында Трансаралық өзендерді пайдалану және қорғау жөніндегі екіжақты Бірлескен комиссияға қосылу туралы Қытай тарабының ұсынысын қанағаттанушылықпен қабылдады.

Екі ел басшылары арасында дағдарысқа қарсы саладағы тығыз өзара іс-қимыл мен тәжірибе алмасуларды жалғастыру жайлы келісімдерге қол жеткізілді. Қазақстан мен Қытай БҰҰ, ШЫҰ, АӨСШК, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезі, Азиядағы ынтымақтастық диалогы және өзге де құрылымдар аясында екіжақты өзара іс-қимылды жандандыруға дайын екендіктерін білдірді. Халықаралық терроризммен, экстремизммен және сепаратизммен, есірткі саудасымен және өзге де трансшекаралық қылмыс түрлерімен күрес саласындағы Қазақстан-Қытай ынтымақтастығы өз белсенділігін төмендетпейтін болады.

Жоғары деңгейдегі келіссөздердің қортындысы бойынша Президент Н.Ә.Назарбаев пен Төраға Ху Цзиньтаоның Бірлескен мәлімдемесіне, сондай-ақ екіжақты үкіметаралық, ведомствоаралық және корпоративтік келісімдер мен әртүрлі бағыттағы шарттар пакеттеріне қол қойылды.

Чжин Гопин, Қытай Халық Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі: *«Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Қазақстан үкіметі дағдарысты жеңу жолында белсенді әрекетке көшті. Оның оңтайлы нәтижесі көріне бастады. Айта кетер бір жайт – Қазақстан экономикасы қазір дамудың жаңа сатысына көтерілді. Оның алда үлкен жетістікке жетер мүмкіндігі зор деп ойлаймын. Мұндай перспективаны ескерсек, қазақ үкіметі кез-келген қиындықты жеңе алады».*

Әдебиеттер:

1. Тоқаев Қ.К. Қазақстан Республикасының дипломатиясы. А.: 2002.
2. Дипломатия жаршысы // 2(12) 2007 ж.
3. Дипломатия жаршысы // 2(17) 2008 ж.